

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 882 және 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 желтоқсандағы N 1405 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) < * >

2) "Кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) қызметін тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 290 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж. , N 8 , 85 - қ ұ ж а т) :

1 - т а р м а қ т а :

"уәкілетті органдар" деген сөздер "мемлекеттік басқару органдары" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1), 2), 3), 4), 9), 10), 11) тармақшалардағы "(уәкілетті органның - РМК үшін)", "(уәкілетті орган - РМК үшін)", "(уәкілетті органмен - РМК үшін)", "(уәкілетті орган алдында - РМК үшін)" деген сөздер тиісінше "(мемлекеттік басқару органының - РМК үшін)", "(мемлекеттік басқару органы - РМК үшін)", "(мемлекеттік басқару органымен - РМК үшін)", "(мемлекеттік басқару органы алдында - РМК үшін)" деген сөздермен ауыстырылсын .

Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.20. N 565 қаулысымен .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі